

Жардемова А.Б.*

Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
zhardemova01@mail.ru

Тажикенова С.К.

PhD
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
tazhikenova_sk@enu.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ АУДИТОРЛЫҚ ПАЛАТАСЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІНЕ СТРАТЕГИЯЛЫҚ АУДИТТИ ЕНГІЗУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа. Мемлекеттік басқару саласын жаңғыртудың жаһандық үрдісі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесінің ұлттық ресурстарды тиімді, нәтижелі және үнемді пайдалану бөлігінде трансформациялануына әкелді.

Бүгінде экономикалық әдебиеттер мен әлемдік тәжірибеде «стратегиялық аудит» ұғымы салыстырмалы түрде кең таралды. Стратегиялық аудит негізінен елдің стратегиялық мақсаттарын, бюджет ресурстарын тиімді пайдалануды және ұзақ мерзімді даму жоспарларын бағалауға мүмкіндік береді.

Айта кету керек, Қазақстанда стратегиялық аудит тұжырымдамасы заңнамалық деңгейде бекітілмеген. Мемлекеттік аудиттің халықаралық стандарттарында стратегиялық аудит қаржылық бақылаудың дербес түрі ретінде де ерекшеленбейді. Дегенмен, стратегиялық аудитті INTOSAI елдерінің көпшілігі дербес жүргізетін жағдайлар да кездеседі.

Еліміздегі мемлекеттік басқаруды дамытудың ұлттық мақсаттары мен басымдықтарына қол жеткізу мұқият жоспарлауды, тиімді іске асыру стратегияларын және оларды бағалау мен түзетудің сенімді тетіктерін талап етеді. Бұл мақалада дамудың ұлттық мақсаттары мен басымдықтарына қол жеткізудегі мемлекеттік стратегиялық аудиттің осы процесстегі маңызды құрал ретіндегі рөлі қарастырылады.

Бұл зерттеу стратегиялық аудиттің артықшылықтары мен шектеулерін талдаудың, стратегиялық аудитті ұлттық даму мақсаттарымен байланыстырудың, стратегиялық жоспарлаудағы мониторинг пен бағалаудың маңыздылығын зерделей отырып, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы қызметінің тәжірибесіне енгізу бойынша бірқатар аспектілерді анықтады.

Түйін сөздер: мемлекеттік аудит, жүйе, ҚР Жоғары аудиторлық палатасы, стратегиялық аудит, мемлекеттік бақылау жүйесі, даму жоспары, ұлттық даму бағдарламалары.

■ Кіріспе

Әлемдік жаһандану және экономикадағы динамикалық өзгерістер жағдайында мемлекеттік институттардың басқару шешімдерінің тиімділігі мен ашықтығы маңызды факторларға айналуда. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасының қызметіне стратегиялық аудиттің енгізілуі мемлекеттік басқарудың бақылау мен бағалау тиімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадамы болып табылады.

«Стратегиялық аудит» ұғымын анықтауға қатысты әртүрлі пікірлерді жалпылай отырып, «стратегиялық аудит» ұғымын ресурстық көрсеткіштердің перспективалық мақсаттарға жету мүмкіндіктері мен күтілетін нәтижелерге сәйкестігін анықтауға бағытталған аудиттің бір түрі ретінде түсінуге болады. Басқаша айтқанда, аудиттің бұл түрі мемлекет экономикасының стратегиялық жағдайының жай-күйін жүйелі бағалауды, оның ішінде өткен және ағымдағы ғана емес, сонымен қатар мемлекет қызметінің болашақ аспектілерін талдауды білдіреді. [1, 218 б.]

ҚР Жоғары аудиторлық палатасының тәжірибесіне стратегиялық аудитті енгізу қолданыстағы әдістер мен рәсімдерді бағалауды, халықаралық стандарттарды бейімдеуді және

стратегиялық талдауды аудиторлық процестерге интеграциялау бойынша ұсынымдарды әзірлеуді қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Бұл бақылау мен басқарудың тиімділігін арттырып қана қоймай, қоғамның мемлекеттік қаржылық бақылау институттарына деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

Ғылыми зерттеу жұмысының мақсаты – стратегиялық аудиттің ағымдағы жай-күйін талдау және Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының тәжірибесіне стратегиялық аудитті енгізу мүмкіндіктерін зерделеу.

■ Әдеби шолу

Мақаланың теориялық негізін стратегиялық аудит саласындағы отандық және шетелдік академиялық әдебиеттер, мемлекеттік аудит материалдары, ҚР заңнамалары мен нормативтік-құқықтық актілері құрайды. ҚР Жоғары аудиторлық палатасының қызметіне ағымдық талдау үшін мемлекеттік органның ресми сайтындағы ақпараттар негіз болды.

Стратегиялық аудиттің концептуалдық негіздері алғаш рет XX ғасырдың соңында пайда бола бастады. С. Хоскинг пен Д. Мейер (1998) стратегиялық аудиттің ұйымның ұзақ мерзімді мақсаттарға жетуін қамтамасыз етудегі маңызды рөлін атап өтті. Олардың зерттеулері стратегиялық аудиттің ұйымның стратегиялық жоспарлау мен басқару жүйесін талдаудағы маңызды құрал екенін көрсетеді. Сонымен қатар, стратегиялық аудиттің ұйымның сыртқы ортадағы өзгерістерге қалай жауап беретінін және стратегиялық бағыттардың тиімділігін қалай бағалайтынын анықтайды. [2, 11-12 б.]

Халықаралық тәжірибе стратегиялық аудиттің мемлекеттік сектордағы қолданылуын кеңінен зерттейді. Мысалы, АҚШ-тағы Мемлекеттік есеп комитетінің зерттеулері стратегиялық аудиттің мемлекеттік басқару тиімділігін арттырудағы рөлін көрсетеді. Ұлыбританияның Ұлттық есеп палатасының жүргізген зерттеулері стратегиялық аудиттің мемлекеттік сектордағы қаржылық бақылау мен есептілікті жақсартудағы маңызын көрсетті. [3, 116 б.]

Стратегиялық аудиттің мемлекеттік басқару жүйесінде қолданылуы туралы зерттеулер стратегиялық басқарудың жетілдірілуіне ықпал етеді. М. Петров (2020) өзінің зерттеулерінде стратегиялық аудиттің мемлекеттік басқару жүйесін модернизациялау мен реформалаудағы рөлін анықтады. Ол стратегиялық аудиттің мемлекеттік органдардың қызметін кешенді түрде бағалауға мүмкіндік беретін құрал екенін атап өтті, бұл мемлекеттік басқару жүйесіндегі кемшіліктерді анықтап, тиімді шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

Әдеби шолу көрсеткендей, стратегиялық аудиттің теориялық негіздері мен тәжірибесі ұзақ жылдар бойына зерттеліп, оның мемлекеттік басқару жүйесіндегі рөлі туралы маңызды тұжырымдар жасалуда. Халықаралық және отандық тәжірибе көрсеткендей стратегиялық аудит мемлекеттік органдардың тиімділігін бағалаудағы маңыздылығын дәлелдейді. Осы шолуда келтірілген зерттеулер мен деректер Жоғары аудиторлық палатаның қызметіне стратегиялық аудитті енгізудің қажеттілігін және оның мемлекеттік басқару сапасын арттырудағы маңызын түсінуге көмектеседі.

■ Зерттеу әдістері

Мақалада стратегиялық аудитті кешенді түрде талдау мақсатында бірнеше әдістер мен материалдар қолданылды: стратегиялық аудиттің шетелдік үлгілеріне салыстырмалы талдау, индукция, дедукция, теориялық жалпылау, экономика-статистикалық әдістер, сондай-ақ жалпы ғылыми және арнайы тәсілдер.

■ **Нәтижелер мен пікірталас**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесі Президент және Үкімет жарлықтары негізінде бекітілген алты деңгейден тұрады:

- 1) Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары;
- 2) Жалпыұлттық басымдықтар;
- 3) Ұлттық даму жоспары, Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы;
- 4) Елдің аумақтық даму жоспары;
- 5) аяны/саланы, ұлттық жобаларды дамыту тұжырымдамасы;
- 6) мемлекеттік органдардың, өңірлердің, ұлттық холдингтер мен компаниялардың даму жоспарлары. [4]

Аталған ұлттық мақсаттарға қол жеткізу және бюджет қаражатын тиімді басқару үшін Үкімет мемлекеттік жоспарлауды жетілдіру, әртүрлі мемлекеттік органдар арасындағы үйлестірудің жоғары деңгейін қамтамасыз ету және цифрлық құралдарды кеңінен қолдана отырып, өз бағдарламаларының тиімділігіне кешенді бағалау жүргізуі қажет.

Стратегиялық жоспарлар мен жобалардың тиімділігін тәуелсіз бағалауда Жоғары аудит органдарының (бұдан әрі – ЖАО) әлеуетін ұлттық мақсаттарға қол жеткізуде туындайтын мәселелерді еңсеру үшін пайдалануға болады. ЖАО ұлттық жобалар мен мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігін оларды жүзеге асыру немесе аяқтау сатысында ғана емес, сонымен қатар оларды қалыптастыру мен қайта ұйымдастырудың алғашқы кезеңдерінде де бағалауы қажет. Бұл кез-келген жағымсыз салдардың алдын алуға бағытталған ЖАО профилактикалық функциясын күшейтеді.

Қазақстандағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын тексеру функциясы Жоғарғы аудиторлық палатаға, сондай-ақ аймақтардағы Тексеру комиссиялары мен орталық және жергілікті өзін-өзі басқару органдарындағы ішкі аудит қызметтеріне өз құзыреті шегінде жүктелген.

ҚР Жоғары аудиторлық палатасына жүктелген стратегиялық жоспарлар мен бағдарламаларға ағымдағы бақылау жүргізу негізінен тиімділік және сәйкестік аудиті кешенінде жүргізіледі.

Жоғары аудиторлық палатаның Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес жыл сайын еліміздің стратегиялық даму құжаттарына аудиторлық іс-шаралар жүргізілетінін көре аламыз (1-кесте).

1-кесте. Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттарына жүргізілген мемлекеттік аудит бойынша қаражат көлемі

№	Мемлекеттік аудиттің типі	Мемлекеттік аудитпен қамтылған қаражат көлемі, млн.теңге					
		2022 жыл	%	2023 жыл	%	2024 жыл	%
1	Тиімділік және сәйкестік аудиті	5 368 236,0	100,0	19 360 792,0	100,0	23 732 209,4	100,0
1.1	Стратегиялық құжаттарға жүргізілген аудит	698 946,4	13,0	431 434,0	2,2	698 946,4	2,9


Ескертпе: [5] негізінде автормен құрастырылған

Соңғы 3 жылда қалыптастырылған Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесінде стратегиялық аудиттің элементтері жиі кездеседі. Жоғары аудиторлық палатаның 2022 жылға арналған тізбесінде барлығы 37 аудиторлық іс-шара қамтылған, оның ішінде тиімділік және сәйкестік аудиті кешенінде жүргізілген елдің стратегиялық құжаттары мен бағдарламаларына 11 аудиторлық іс-шара қарастырылған. Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджет қаражатының және активтерінің жалпы сомасы 5 368 236,0 млн. теңгені, ал, ст-

ратегиялық құжаттарға жүргізілген аудит бөлігінде 698 946,4 млн.теңгені құрайды. Яғни, стратегиялық аудит жалпы аудиторлық іс-шаралардың шамамен 30%-ын құрайды.

2023 жылға арналған тізбеге сәйкес жалпы сомасы 19 360 792,0 млн. теңгені құрайтын барлығы 33 аудиторлық іс-шара қалыптастырылған. Оның ішінде 4 аудиторлық іс-шара (431 434,0 млн. теңге) бойынша тиімділік және сәйкестік аудиті негізінде стратегиялық құжаттарды тексеру көзделген.

2024 жылға арналған тізбеге сәйкес жалпы сомасы 23 732 209,4 млн. теңгені құрайтын барлығы 39 аудиторлық іс-шара қалыптастырылған. Оның ішінде 6 аудиторлық іс-шара (698 946,4 млн. теңге) бойынша тиімділік және сәйкестік аудиті негізінде стратегиялық құжаттарды тексеру көзделген. [5]



1-сурет. ҚР Жоғары аудиторлық палатасының тиімділік және сәйкестік аудиті құрамында стратегиялық құжаттарға жүргізілген аудиторлық іс-шаралардың көлемі (2022-2024 жж.)

Ескертпе: [5] негізінде автормен құрастырылған

Қазақстан-2050 Стратегиясының экономикалық компонентінің негізгі аспектілеріне жүргізілген бағалауға сәйкес ағымдағы жағдайы келесідей анықталды (2-кесте).

2-кесте. Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспарының ағымдағы жағдайын бағалау

№	Стратегиялық бағыт	Ағымдағы жағдайы	Талдау көрсеткіші
1	Экономиканы әртараптандыру	Қазақстан шикізат секторына, әсіресе мұнай мен газға тәуелді болып отыр. Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпті дамыту сияқты әртараптандыру жұмыстарына қарамастан, көмірсутектер экспортына тәуелділік әлі де жоғары	Экономиканың тұрақтылығын арттыру үшін әртүрлі салаларға көшуді жеделдету қажеттілігі
2	Инвестициялық климат	Қазақстан шетелдік инвестицияларды, әсіресе инфрақұрылым мен энергетика секторына тартады. Алайда бюрократия мен құқықтық ортаға байланысты проблемалар әлі де кездеседі	Бизнес-климаттың жақсаруы және әкімшілік кедергілердің төмендеуі инвестициялардың өсуіне ықпал етуі мүмкін
3	Инновация және технология	Елде стартаптар мен технологиялар дамып келеді, бірақ инновациялық белсенділік деңгейі басқа дамушы елдерге қарағанда әлі де төмен	Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді қаржыландырудың артуы технологиялық прогреске ықпал етуі мүмкін

4	Инфрақұрылым	Қазақстан экономикалық өсуге ықпал ететін көліктік және энергетикалық инфрақұрылымды белсенді дамытуда. Дегенмен, өңірлердегі қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін жақсарту қажет	Аймақтық даму және көлік логистикасына Инвестициялар шалғай аудандардың экономикалық жағдайын жақсарту алады
5	Жұмыс күші және білім	Елде кейбір салаларда білікті кадрлар жетіспейді. Білім беру жүйесі нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін реформаларды қажет етеді	Болашақ экономикасының талаптарына сәйкес келетін мамандарды даярлау үшін білім беруді еңбек нарығымен интеграциялау қажет
6	Тұрақты даму	Қазақстан ластану және климаттың өзгеруі сияқты экологиялық проблемаларға тап болады. Стратегия тұрақты даму элементтерін қамтиды, бірақ оларды жүзеге асыру үшін күш қажет	Табиғи ресурстарды тұрақты пайдалануға және жасыл экономикаға көшуге баса назар аудару ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ете алады

Ескертпе: [6, 231 б.] негізінде автормен құрастырылған.

Қазақстанда стратегиялық аудитті жеке дамыту перспективалары қаржылық бақылау жүйесін жетілдірудің маңызды аспектісі болып табылады. [7] Стратегиялық аудитті дамытудың мынадай перспективалық бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

1. Стратегиялық жоспарлау бойынша заңнамалық өзгерістер. Қазақстанда стратегиялық дамудың ұлттық, салалық және өңірлік бағдарламаларының бірыңғай көрсеткіштері мен нысаналы индикаторларын қамтитын мемлекет пен өңірлерді дамытуды стратегиялық жоспарлаудың интеграцияланған жүйесі құрылғанын атап өтуге болады. Дегенмен, барлық стратегиялық жоспарлау құжаттары, соның ішінде ұлттық, аймақтық және салалық стратегиялар үйлестірілген және өзара байланысты болуы керек. Зерттеу нәтижелері осы зерттеуде ұсынылған тәсілдерді ескере отырып, стратегиялық жоспарлау туралы жеке кешенді заңды әзірлеу қажеттілігін көрсетеді.

2. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамаға «стратегиялық аудит» ұғымын енгізу немесе аудит жүргізу кезінде стратегиялық тәсілдің рөлін күшейту және стратегиялық аудитті жүргізудің жеке стандартын әзірлеу қажет.

3. Заманауи әдістемелерді енгізу. Мемлекеттік аудиторлар үшін тәжірибеде оңай қолданылатын осы саладағы нақты әдістемелік құжаттарды әзірлеу қажет. Бұл аудит сапасын жақсартады және мүдделі тараптардың аудит нәтижелеріне деген сенімін арттыруға көмектеседі. [8]

4. Аудиторлардың кәсіби дағдылары мен құзыреттерін дамыту. Тиімді стратегиялық аудит жүргізу үшін білікті кадрларды даярлауға жағдай жасау маңызды. Бұл аудиторлардың стратегиялық аудит саласындағы кәсіби дағдылары мен құзыреттерін арттыруға мүмкіндік береді. Стратегиялық аудитті жүргізу үшін біліктілікке, білімге және құзыреттілікке қойылатын талаптар (мысалы, деректерді талдау және визуализациялау қабілеті) дәстүрлі аудит түрлеріне (қаржылық есептілік аудит, сәйкестік аудиті және тиімділік аудиті) талап етілетіндерден асып түседі. Бұл жасанды интеллектті және онымен байланысты жаңа технологияларды пайдаланудағы техникалық дағдылар, аналитикалық және коммуникативтік дағдылар, көшбасшылық және жобаны басқару дағдыларын қамтиды.

5. Инновациялық тәсілдер мен технологияларды әзірлеу. Деректерді талдау, жасанды интеллект және блокчейн сияқты инновациялық тәсілдер мен технологияларды қолдану стратегиялық аудиттің тиімділігін едәуір арттыра алады. Бұл технологиялар деректерді тереңірек талдауға және жасырын мәселелерді анықтауға мүмкіндік бере отырып, стратегиялық басқару саласында неғұрлым негізделген шешімдер қабылдауға ықпал етеді. Сонымен қатар ақпаратқа қол жеткізу мәселесін шешуге көмектеседі, бұл ақпарат алу шек-

теулеріне және әртүрлі ұйымдардағы ақпараттық ресурстар мен мазмұнның әртүрлілігіне байланысты маңызды мәселе болып табылады.[9]

■ Тұжырым

Сонымен, Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының тәжірибесінде стратегиялық аудитті енгізу еліміздегі қаржылық бақылауды нығайтуға мүмкіндік береді. Стратегиялық аудиттің тиімділігі мемлекеттік басқару мен ресурстарды пайдалану сапасын арттыруға ықпал етеді. Инновациялық технологиялар мен заманауи әдістемелерді енгізу аудиттің нәтижелеріне сенімділікті жоғарылатады. Сонымен қатар, білікті кадрларды даярлау және кәсіби дағдыларды дамыту стратегиялық аудиттің сапасын қамтамасыз етеді. Осылайша, стратегиялық аудит еліміздің экономикалық дамуына және басқару жүйесінің тұрақтылығына негіз болады. [10]

Стратегиялық аудит елдің стратегиялық шешімдерін қабылдау кезінде жүзеге асырылып жатқан стратегиялық жобалардың нақты жағдайын кеңірек қарастыруға мүмкіндік береді. Стратегиялық аудитті жүргізу тек қаржылық абсолютті көрсеткіштерге және бюджет қаражатын пайдалану тиімділігін бағалауға ғана емес, сонымен қатар ұлттық мақсаттар мен стратегиялық жобаларға қол жеткізуді терең талдауға бағытталған. Стратегиялық аудит жүргізе отырып, ҚР Жоғары аудиторлық палатасы стратегиялық жоспарлауды, болжауды және туындаған мәселелерді шешуді жақсарту бойынша ұсыныстар беру арқылы Үкіметтің және орталық атқарушы органдардың толыққанды кеңесшісіне айналады.

■ Қорытынды

Қорытындылай келе, стратегиялық аудит – бұл ұлттық мақсаттар мен даму басымдықтарына қол жеткізуді бағалауға бағытталған мемлекеттік аудиттің жаңа ерекше түрі. Стратегиялық аудит мемлекеттік секторда жоспарланған мақсаттарға, мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға қол жеткізуді бақылау ретінде әрекет етеді, бұл оны мемлекеттік аудиттің басқа түрлерінен ерекшелендіреді.

Стратегиялық жоспарлау елдің тиімді дамуы үшін жағдай жасауға, жаңа мүмкіндіктерді іздеуге, стратегиялық жоспарлар мен бағдарламаларды болжауға және уақтылы түзетуге бағытталған. Стратегиялық шешімдер қабылдаудың негізі бағдарламалар мен жобаларды терең, дәйекті бағалаудан алынған дәлелдер болуы керек. Мұндай бағалаудың нәтижелері жобалар мен бағдарламалардың тиімділігін анықтауға ғана емес, сонымен қатар жобалар мен бағдарламалардың сапасын жақсарту туралы негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Осылайша, зерттеу стратегиялық бағдарламаларға мемлекеттік аудит жүргізудің маңыздылығын және стратегиялық жоспарлауды заңнамалық деңгейде реттеу қажеттілігін көрсетті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Мухтарбек А.Е., Алибекова Б.А. Мемлекеттік стратегиялық аудит: шетелдік тәжірибе және оның отандық тәжірибеде қолданылуы // Мемлекеттік аудит. – 2023. – № 4 (61). – 218-228 б. doi: <https://doi.org/10.55871/2072-9847-2023-61-4-217-228>.
2. Hay D. and Cordery C. The value of public sector audit: literature and history. – New Zeland: School of Accounting and Commercial Law. – 2018. – p. 1-15.
3. Davis, K., & Thompson, M. Dynamic Audit Methodologies: Adapting to Emerging Risks and Challenges // International Journal of Auditing. – 2023. – 27(1). – p. 112-130.
4. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысы.
5. ҚР Жоғары аудиторлық палатасының 2022, 2023, 2024 жылдарға арналған Мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесі. Электрондық ресурс. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep?lang=ru>
6. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

7. Алибекова Б. А. Мемлекеттік аудит (ілгерілетілген). Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ. – 2022. – 288 б.
8. Smith, J., & Brown, L. Strategic Audit and Corporate Governance: A Comprehensive Analysis // Journal of Business Strategy. – 2024. – 34(2). – p. 45-59.
9. Халықаралық жоғары аудит органдары ұйымының сайты (INTOSAI). Электрондық ресурс – URL: <https://intosai.org/>.
10. Идрисов А.А. Даму саласындағы ұлттық мақсаттар мен басымдықтарға қол жеткізудегі стратегиялық аудит // Мемлекеттік аудит. – 2024. – № 1 (62). – 6-17 б. doi: <https://doi.org/10.55871/2072-9847-2024-62-1-6-20>.

■ REFERENCES:

1. Muhtarbek A.E., Alibekova B.A. Memlekettik strategialyq audit: seteldik tajiribe jäne onyñ otandyq tajiribede qoldanylyu // Memlekettik audit. – 2023. – № 4 (61). – 218-228 b. doi: <https://doi.org/10.55871/2072-9847-2023-61-4-217-228>.
2. Hay D. and Cordery C. The value of public sector audit: literature and history. – New Zeland: School of Accounting and Commercial Law. – 2018. – p. 1-15.
3. Davis, K., & Thompson, M. Dynamic Audit Methodologies: Adapting to Emerging Risks and Challenges // International Journal of Auditing. – 2023. – 27(1). – p. 112-130.
4. «Qazaqstan Respublikasyndaғы memlekettik josparlau jüiesin bekirtu turaly» Qazaqstan Respublikasy Ükimetiniñ 2017 jylғы 29 qarashadaғы № 790 qaulysy.
5. QR Joғary auditorlyq palatasynyñ 2022, 2023, 2024 jylдарға арналған Memlekettik audit obektileriniñ tızbesi. Elektronдық resurs. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep?lang=ru>
6. «Qazaqstan-2050» Strategiasy qalyptasqan memlekettiñ jaña saiasi baғыty Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidenti – elbasy N.Ä. Nazarbaevtyñ Qazaqstan halqyna Joldaуy, Astana q., 2012 jylғы 14 jeltoqsan.
7. Alibekova B. A. Memlekettik audit (ilgeriletilgen). Oqu qūraly. – Nūr-Sūltan: L.N.Gumilev atyndaғы EÜU. – 2022. – 288 b.
8. Smith, J., & Brown, L. Strategic Audit and Corporate Governance: A Comprehensive Analysis // Journal of Business Strategy. – 2024. – 34(2). – p. 45-59.
9. Halyqaralyq joғary audit organdary üiyminyñ saity (INTOSAI). Elektronдық resurs – URL: <https://intosai.org/>.
10. İdrisov A.A. Damu salasyndaғы ülttyq maqsattar men basymdyqtarға qol jetkizudegi strategialyq audit // Memlekettik audit. – 2024. – № 1 (62). – 6-17 b. doi: <https://doi.org/10.55871/2072-9847-2024-62-1-6-20>.

ВОЗМОЖНОСТИ ВНЕДРЕНИЯ СТРАТЕГИЧЕСКОГО АУДИТА В ПРАКТИКУ ВЫСШЕЙ АУДИТОРСКОЙ ПАЛАТЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Жардемова А.Б.*

Евразийский национальный университет
имени Л.Н. Гумилева
г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: zhardemova01@mail.ru

Тажикенова С.К.

PhD
Евразийский национальный университет
имени Л.Н. Гумилева
г. Астана, Республика Казахстан
E-mail: tazhikenova_sk@enu.kz

***Аннотация.** Глобальная тенденция модернизации сферы государственного управления привела к трансформации системы государственного аудита и финансового контроля в части эффективного, результативного и экономичного использования национальных ресурсов.*

Сегодня в экономической литературе и мировой практике сравнительно широкое распространение получил подход «стратегический аудит». Особенностью стратегического аудита в основном является перспективный характер и необходимость выявления и предупреждения рисков ранее, одновременной разработки предложений по реализации превентивных мер или соответствующих корректирующих мер, а также использования широкого канала методов и инструментов анализа.

Следует отметить, что концепция стратегического аудита в Казахстане не закреплена на законодательном уровне. В международных стандартах государственного аудита стратегический аудит не отличается и как самостоятельная форма финансового контроля. Однако бывают случаи, когда стратегический аудит проводится независимо большинством стран INTOSAI. Достижение национальных целей и приоритетов развития государственного управления в стране требует тщательного планирования, эффективных стратегий реализации и надежных механизмов их оценки и корректировки. В этой статье рассматривается роль государственного стратегического аудита как важного инструмента в этом процессе в достижении национальных целей и приоритетов развития.

Исследование выявило ряд аспектов по внедрению в практику деятельности Высшей Аудиторской палаты Республики Казахстан, определив анализ преимуществ и ограничений стратегическо-

го аудита, понимание важности увязки стратегического аудита с целями национального развития и важность мониторинга и оценки в стратегическом планировании.

Ключевые слова: государственный аудит, система, Высшая аудиторская палата РК, стратегический аудит, система государственного контроля, план развития, национальные программы развития.

POSSIBILITIES OF INTRODUCING STRATEGIC AUDIT INTO THE PRACTICE OF THE SUPREME AUDIT CHAMBER OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Zhardemova A.B.*

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan
E-mail: zhardemova01@mail.ru

Tazhikenova S.K.

PhD
.N. Gumilyov Eurasian National University
Astana, Kazakhstan
E-mail: tazhikenova_sk@enu.kz

Abstract. *The global trend of modernization of the sphere of public administration has led to the transformation of the system of state audit and financial control in terms of effective, efficient, and economical use of national resources.*

Today, the “strategic audit” approach has become relatively widespread in the economic literature and world practice. The main feature of the strategic audit is its promising nature and the need to identify and prevent risks earlier, simultaneously develop proposals for preventive measures or appropriate corrective measures, and use a wide range of analysis methods and tools.

It should be noted that the concept of strategic audit in Kazakhstan is not fixed at the legislative level. In the international standards of public audit, strategic audit does not differ as an independent form of financial control. However, there are cases when a strategic audit is conducted independently by most INTOSAI countries.

Achieving national goals and priorities for the development of public administration requires careful planning, effective implementation strategies, and reliable mechanisms for their assessment and adjustment. This article examines the role of the state strategic audit as an important tool in achieving national development goals and priorities.

The study identified aspects of the activities of the Supreme Audit Chamber of the Republic of Kazakhstan, determining the analysis of the advantages and limitations of strategic audit, understanding the importance of linking strategic audit with national development goals, and the importance of monitoring and evaluation in strategic planning.

Keywords: *state audit, system, Supreme Audit Chamber of the Republic of Kazakhstan, strategic audit, state control system, development plan, national development programs.*